Қазақ тілінің байлығы, ерекшелігі.

«Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» - деп Халел Досмұхамедұлы атамыз айтқандай, Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – ана тілінде. Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі.

Тілдің мәртебесі – елдің мерейі. Оның мерейін асқақтататын да, құтын қашыратын да мына өзіміз. Тіл отбасынан басталып, Отан аясында дамиды.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен дарып, қалыптасады.

Менің ана тілім – қасиетті қазақ тілі. Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тіл.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды. Осы Заңның 4-ші бабында: Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

«Ана тілі – халық болып жасағаннан бері жан-дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқынын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап, отыратын қазына»,- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың ана тіліне деген сүйіспеншілігі болуы шарт.

Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге, құрметтеу арқылы басқа тілді де, оның мәдениетінде қадірлейміз. Өткенді, бүгінгіні, болашақ қазынаны тілмен жеткіземіз. Тіл арқылы салт-дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді, қолөнерімізді де сақтап, келесі ұрпаққа бере аламыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Тіл тағдыры – ел тағдыры. Әрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» - деген. Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілін білуі тиісті.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан,

қазақ тілінің тарихы әртүрлі кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Оның қалыптасуға бет алуы XI-XII ғасырлардағы Түрік қағанатының пайда болу кезеңінен басталып, XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсында әбден қалыптасып болған еді. Қазақ тілі тарихы – түркітанудағы күрделі мәселелердің бірі.

Қазақ тілі шығу тегі жағынан түркі тілдер тобына жатады. Түркі тілдер туыс тілдер, өйткені олардың шығу төркіні бір болған. Түркі тілдері, сөз құрылысы жағынан агглютинативті тілдер тобына жатады. 15 ғасыр ғалымдардың айтуы бойынша қазақ тілі мен қазақ халқының шығу кезеңі,.

Түркілердің көне жазуы – Орхон-Енесей жазуы. Орхон-Енесей, Талас өзендерінің бойында табылған. Жазуды тәртіпке келтіріп, кітап етіп бастырылып шығарған ғалым - В.В. Радлов. Ол 1891 жылы тұңғыш рет Орхон жазуын зерттеп, түркі халықтарының ескерткіші екендігін айтты. Тіліміздің ертедегі сыр-сипатын молырақ ашып бере алатын тікелей еңбектер – көне қыпшақ тіліндегі ескерткіштер. Олардың бірі - 1069 жылы жазылған «Құдатғу білік» («құтты болу», «бақытты болу» деген мағынада) дастаны, бұл әуелі араб жазуымен жазылып, кейін ұйғыр жазуымен көшірілген. Сондай-ақ араб тілінде Махмуд Қашқаридің «Кодекс Кумманикус» деген еңбек. Бұл еңбек 14 ғасырда жазылған, авторы белгісіз. Ана тілімізді қастерлеп, қадірлеу – Қазақстанда тұратын әр азаматтың міндеті.

Мәтінге тапсырма:

1. Мәтінді оқып 8 сұрақ-жауап құрастырыңыз.
2. Тіл туралы бірнеше мақал-мәтел жазыңыз.
3. Қазақ тілі туралы қысқаша мәлімет беріңіз.
4. Көп тіл білудің пайдасы қандай? (өз ойыңызды жазыңыз).